

Қуналиева Г.А.,  
Талғатханұлы Д.

**Қазақстан Республикасындағы  
банк жүйесінің ерекшеліктері  
мен кейбір мәселелері**

Осы мақалада Қазақстан Республикасының Банк жүйесіне әлемдік дағдарыстың ықпалы мен Банк жүйесінің еліміздің экономикасына әсері туралы теориялық және құқықтық талдау жүргізіліп, олардың негізгі ерекшеліктері және кезеңдері көрсетілген. Дағдарыс жағдайларындағы ахуалдар, сонымен қатар әлеуметтік, қаржылық сипаттағы жағдайына көңіл бөлініп қарастырылған. Қазақстан Республикасындағы банкілік жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету банкілік қызметті құқықтық реттеумен байланысты болып табылады. Мемлекетіміздің банк жүйесі соңғы жылдарда дүние жүзілік дамыған мемлекеттердің банк жүйелерінің деңгейіне көтерілді. Қазіргі өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасының экономикасына, соның ішінде банктік қызметтерге мемлекеттік ықпал ету механизмнің теориялық және практикалық проблемаларының маңыздылығы күн санап өсе түсуде.

**Түйін сөздер:** банк жүйесі, қаржы саясаты, құқықтық реттеу, экономика, ақша, дағдарыс, банк, бюджет, ұлттық қор, банк қатынастары, банк заңнамасы.

Kuanaliyeva G.A.,  
Talгатkhanuly D.

**Some problems and features of  
a bank system of the Republic of  
Kazakhstan**

The article analyzes theoretical and legal features influence of world crisis on a bank system and influence of a bank system of the country on economy and their main features and stages. Special attention is paid to consideration crisis situations, financial conditions of the country. During the writing of a scientific article, I view, read, studied, treated many scientific papers and used those that related to my theme of a scientific article. Ensuring the stability of the banking system of Kazakhstan is connected with the legal regulation of banking activities. In recent years, the banking system rose to the level of the developed world's banking systems. In today's transitional stage in the economy of the Republic of Kazakhstan, namely in the area of influence of the state on the banking mechanism increases the significance of theoretical and practical problems.

**Key words:** Bank system, financial policy, legal regulation, economy, currency, crisis, bank, budget, national resource, bank relations, bank legislations.

Қуналиева Г.А.,  
Талғатханұлы Д.

**Некоторые проблемы и  
особенности банковской  
системы Республики Казахстан**

В настоящей статье анализируются теоретические и правовые особенности влияния глобального кризиса на банковскую систему и влияния банковской системы страны на экономику, и их основные особенности и этапы. Особое внимание уделяется рассмотрению кризисных ситуаций, финансовые условия страны. Обеспечение устойчивости банковской системы Республики Казахстан связано с правовым регулированием банковской деятельностью. За последние годы банковская система поднялась на уровень мировых развитых банковских систем. В современном переходном этапе в экономике Республики Казахстан, а именно в сфере влияния государства на банковский механизм, растет значительность теоретических и практических проблем.

**Ключевые слова:** банковская система, финансовая политика, правовое регулирование, экономика, валюта, кризис, банк, бюджет, национальный ресурс, банковские отношения, банковское законодательства.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Банк жүйесі экономиканы дамытуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Банк жүйесі нарықтық экономиканың маңызды институттарының бірі ретінде нарықтық экономиканың конституциялық негіздері мен мемлекеттік конституциялық қызмет етуінің жүзеге асырылуына жауапты болып табылады. Бұл жауаптылық банк қызметі субъектілерінің әрекет етуші заңдар талабын сақтау мен өздеріне тиісті салықтарды уақытылы төлеуінен құралады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын тани келе, мемлекет банк қызметімен айналысу құқығын таниды. Әрқашанда құқық міндет жүктейтіні белгілі. Бұл жағдайда, банк қызметімен айналысушы субъектілердің жауапкершілігі нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің конституциялық қызметін жүзеге асыруы үшін жағдай жасау болып табылады [1, 45 с.].

Банк жүйесі, кез келген мемлекеттің маңызды элементі бола отырып, қоғамның қызметіне әсер етеді. Ол еркін ақша қорларының аккумуляциялануы мен ресми айналымға енуін қамтамасыз етіп қана қоймай, ақша капиталының салааралық және ауданаралық қайта бөлінуі тетігі бола келе, елдің шаруашылық жүйесінде төлемдік және есептік тетіктерінің шешуші элементі. Банк жүйесі құқық саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына әсер етеді, мемлекеттік банктердің қызметі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне әсер етеді.

Осылайша, банк жүйесі кез келген елдің экономикасының негізін құраушы тірегі, мемлекеттің экономикалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, әлеуметтік тұрақтылықты да қамтамасыз етуге өз үлесін қосады. Қазіргі банк жүйесін құқықтық реттеудің тарихи аспектілері өз бастауын КСРО тұсындағы және төңкеріске дейінгі Ресейдің тарихымен тығыз байланыста қарастырылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі банк жүйесін құқықтық реттеуде Қазақстан өзінің жеке банк жүйесін құруға кірісті, 1990 жылы желтоқсан айында қабылданған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының банк және банк қызметі» туралы Заңы мен 1993 жылы 13 сәуірде КСРО Қазақ Республикалық Мемлекеттік банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып құрылғаны туралы Заң қабылданды. Банк

жүйесін ұлттық нормативті құқықтық базасын реттеудің негізі қалыптасты [2].

1993 жылы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің X сессиясында қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» заңымен Қазақ КСР Мемлекеттік Банкі атауы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып өзгертілді, аталған Заңмен Қазақстан Республикасының банк жүйесі екі деңгейден тұратындығы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Ұлттық Банкі) Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіретіндігі белгіленді, заң Ұлттық банктің міндеттерін, мемлекеттік билік органдарымен өзара байланыс мәселелерін құқықтық тұрғыдан белгіледі. Ұлттық валюта теңгенің айналымға енуімен Ұлттық Банк ақша несиелік саланың қызмет етуі үшін, экономикалық қағидалардың енгізілуі мен оның банктер мен бюджеттік ұйымдармен өзара байланысына, банктердің қызметін реттеу мен ұлттық валюта теңгенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз етуде жауап бере бастады. 1993 жылы 14 сәуірде «Қазақстан Республикасының банктері туралы» Заң қабылданды. Осылайша, Қазақстан Республикасының тарихында екі деңгейлі банк жүйесі құрылды [3].

ҚР Ұлттық банкі бірінші деңгейлі банк ретінде құқықтық мәртебесі 1995 ж. 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті қаржы ұйымдарының, соның ішінде екінші деңгейлі банктердің қызметін қадағалау мен бақылау бойынша мемлекеттік уәкілетті орган ретінде мәртебесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 7 ақпандағы № 28 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті туралы ережесімен бекітілген [4].

Л. Давыдова мен Д. Райманов «Қазақстан Ұлттық Банкі банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, олардың депозиторларының мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесін тұрақтандыру мақсатында банктердің қызметтерін реттеуді жүзеге асырады» деген ойларын баяндаған [5, 19 с.].

Мемлекет банк жүйесінің жағдайына байланысты ұлттық валютаның тұрақтылығы мен оның тұтынушылық қабілеті, шетел валютасына шаққандағы валюта курсы мемлекеттің егемендігі үшін бірінші деңгейдегі маңызға ие. Кез келген тәуелсіз мемлекет үшін «мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі» ұғымының мазмұнын құрайтын, ұлттық банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері стратегиялық мәнге ие [6, 32 с.].

Қазақстан теңгенің айналымға енгізілуі кезінде ауыр өтпелі кезеңді басынан кешірді. Ұлттық банк коммерциялық банктің қызметін атқарып, ұйымдарға несие берді, мемлекеттік бюджетті тікелей қаржыландырды, бұл Ұлттық банктің құқықтық мәртебесіне қайшы келетін болғандықтан, банк жүйесі құқықтық реформаны қажет етті. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс жаппай жалпы әлемдік ауқымдағы және сол сияқты ұлттық деңгейдегі қаржылық қатынастардың қолданыстағы модельдерінің кемшіліктерін көрсетті. Әлсіз жақтары мемлекеттік реттеу құрылымында және қаржы институттарының өздерінің қызметінде анықталды.

Жоғарыда айтылғандай, КСРО тұсында тек бір деңгейлі банк жүйесі қызмет атқарды. Мемлекеттік банк басты орталық банк болып саналып, ақша несие саясатына басшылық жасады, пайыздық саясатты анықтау, несиелік жоспарлау, ұзақмерзімді несиелендіруді ұйымдастырумен айналысты.

Банктер мемлекет пен экономика арасындағы делдал рөлін орындай отырып, мемлекет беретін қаражатты пайдалана отырып, кредиттер беруден түсетін меншікті кірісті алу есебінен зор қолдау алады.

Дағдарыстан бұрын 2010 және 2008 жылдары Қазақстанның қаржы-банктік жүйесі ТМД елдерінің басқаларымен салыстырғанда жақсы нәтижелер көрсеткен болатын, бірақ АҚШ-та бастау алған қаржылық дағдарыс еуропа елдерін қозғап өтіп, 2008 жылдың күзінде Қазақстанға да келіп жетті. Нәтижесінде қазақстандық банктердің негізгі мәселелері белгілі бола бастады: несиелердің қайтарылмауы, өтімділіктің төмендеуі, салымдар мен депозиттердің кетуі және т.б. [7].

Мемлекет басшысы дағдарыс кезіндегі «маңызды міндет – бұл біздің еліміздің банк секторының орнықтылығын қамтамасыз ету» деп атап өтті. Мемлекет басшысы Ұлттық инвесторлар кеңесіндегі өзінің баяндамасында атап өткендей «Біздің еліміздің азаматтары, кәсіпкерлер мен инвесторлар Қазақстанның банк

жүйесі қалыпты жұмыс істейтіндігіне, өз міндеттемелерін мүмкіндігінше және қажеттілігіне орай орындайтындығына сенімді болуға тиіс, екінші жағынан банктердің акционерлері өз банктерін нығайтуға ақша салуды жалғастыруға тиіс немесе өздерінде бар активтерді сатуды жалғастыратын немесе басқа жинақтарды пайдаланатын болады, егер қарсы қозғалыс болса ғана үкімет қолданатын шаралар жұмыс істейтін болады». Бұл ретте ол «халық осының айналасында алыпсатарлық жасамауы қажет, бұл бюджеттің ақшасы, яғни халықтың ақшасы және олар жағдай тұрақтанған кезде пайдамен мемлекетке қайтарылатын болады».

Мемлекет банктерге қолдау көрсете отырып, оларды басты міндетті – экономиканың шикізат емес секторына, оның ішінде шағын және орта бизнеске кредит беруді шешу үшін делдал ретінде пайдаланатындығын атап өткен маңызды. Екінші деңгейдегі банктерді Үкіметтің экономиканы тұрақтандыру және сауықтыру жөніндегі шараларын іске асыратын негізгі арна ретінде пайдалана отырып, мемлекет құрылыс саласы кредиттік ресурстар есебінен қаржыландырылатындықтан және осылайша, банктердің қаржылық мүмкіндіктеріне тікелей байланысты болатындықтан, оны одан әрі дамыту үшін жанама жаңа қарқын береді [8, 57 б.]

Қазақстандық заңгер ғалым С. Найманбаева: «Қазақстан Республикасының банк жүйесі өте күрделі әлеуметтік мақсатта бағытталған жүйелер қатарына жатады. Демек, банк жүйесі өз саласындағы мемлекеттік басқару үрдістерімен ғана емес, сонымен бірге өзіндік басқарушылық және өзіндік ұйымдастырушылық қабілеттілігімен сипатталады, – деп тұжырымдай келе, Қазақстан Республикасының қазіргі банк жүйесінің ерекшеліктеріне былай тоқталады: екі деңгейлілігі; Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік билік органдарынан тәуелсіздігі; айрықша құқықтық мәртебесі бар Қазақстан Даму банкінің ерекшеленуі, мемлекеттік емес меншік нысанына негізделген коммерциялық банктер мен өзге де несиелік – есеп айырысу мекемелерінің банк жүйесіндегі көбеюі ерекше сипат алған» [9, 320 с.]

А. Сейтжанов: «тиісті заңнамаларда банк жүйесін заман ағымы мен қоғамның тыныс-тіршілігіне сай дамыту, сондай-ақ қажетті кезде қайта құру үшін аса икемді банк актісінде көрініс табуға тиіс банк жүйесін ұйымдастырудың әр алуан құрылымы банктердің өз капиталдарын Қазақстан Республикасы экономикасының шы-

найы секторына бағдарлауын ынталандыру тұрғысынан құрылғаны дұрыс болады» [10, 25 б.]

2008 жылдың екінші жартысында әлемдік нарықта мұнай бағасының 145,7 АҚШ долларынан 37,9 АҚШ долларына дейін түсуі нәтижесінде әлемдік қаржылық дағдарыс жаһандық экономикалық дағдарысқа айналды. Осы жағдайда мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банкі және Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды қадағалау және реттеу Агенттігі арасында экономиканы және қаржылық секторды тұрақтандыру жөнінде біріккен жұмыстар Жоспары жасалды.

Қабылданған шаралар нәтижесінде қаржы нарығында және тұтастай экономикада жағдайды тұрақтандыруға қол жеткізілді. Өткен жылғы жеткен басты жетістіктің бірі Қазақстанның банктік жүйесінің дағдарыстың жағымсыз әсерлерімен табысты күресе білуі болды, қазақстандық бірде бір банкте сыртқы міндеттемелер бойынша дефолт болған жоқ.

Қазір мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп отырған заңды тұлғалардың ғана емес, жеке тұлғалардың да банктердегі депозиттерінің өсімін бақыланып отырады. Өткен жылы халықтың банктердегі салымдарының өсімі артты. Бұл банктерге деген сенімнің нақты қалпына келтірілгенінің дәлелі болса керек. Депозит нарығына жеке тұлғалардың он миллион теңгеге дейін салымдары бойынша кепілдік берілген орнын толтыру сомасының жоғарылауы, сондай-ақ Ұлттық Банктің жыл сайын 10%-ға толықтыру туралы жоспарлаған Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының жарғылық капиталын 110 млрд теңгеге дейін ұлғайту ынталандыруарлықтай әсер етті. Алайда елдегі макроэкономикалық ахуалдың қазіргі кезде жақсарғанына қарамастан, бұрынғы қалпына келтіру баяу жүретін болады. 2010 жылдың басында ел Президенті өз Жолдауында экономиканы жаһандық қалпына келтіруге және оның сыртқы тегеурінді талаптарға тұрақтылығын арттыруға дайындау үшін қаржы жүйесінің орнықты және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету маңыздылығын айтты. 2020 жылы ТМД-да және Орталық Азияда ислам банкингінің өңірлік орталығы болуға және Азияның жетекші қаржы орталықтарының ондығына еруге тиісті отандық қор нарығын жұмыс істеуге мәжбүрлеу қажет. Отандық қаржы жүйесіндегі реттеу дағдарыстан кейінгі тегеурінді талаптарға және қатерлерге барабар жауап беруге тиіс, оның міндеттемелерінің жиынтық мөлшерінде банк секторының

сыртқы міндеттемелеріндегі үлесінің төмендеуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте сыртқы қарыз алулардың басым бөлігі тиімді және бәсекеге қабілетті өндіріс құруға көзделуге тиісті. Банктерді анық немесе жасырын аффилирленген құрылымдардан кесіп тастау, банктердің тек банктік қызметпен айналысуларын және олардың қызметтерінің соңына дейін айқын болуын қатаң қадағалау қажет. Бұл Ұлттық Банктің де, Үкіметтің де алдында экономиканы тұрақты және сапалы өсім жолына шығаруда әлі көп жұмыс тұрғандығын білдіреді. «Дамыған кәсіпкерлік сектор – кез келген ел экономикасының негізі», – деп Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, үкімет әрі қарай да отандық бизнесті өз деңгейінде ұстап тұру үшін барлық күш-жігерін жұмсайтын болады [12].

Сенаторлар «Кейбір заңнамалық актілерге екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Ұлттық банктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірден екі оқылымда қабылдады. Заң жобасы банктен қарыз алушы жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауды күшейтуді және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуді қарастырады. Сонымен бірге онда капитал нарықтарын және исламдық қаржыландыруды дамыту көзделді. Заң жобасы бойынша енді валютада кіріс таппайтын адамдарға шетел валютасында ипотека беруге тыйым салынады. Төлем төлеу мерзімі ұзақ уақыт өтіп кеткен кезде бірінші кезекте негізгі борыш, тек соңғы кезекте банк салатын

тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдар өтелетін болады, – деді Ұлттық банк төрағасының орынбасары. Әйтпесе, банктер небір сорақылыққа баруда: қарыз болып қалған кейбір адам кейін сол борышын өтеу үшін қомақты сома енгізсе, онысы қарызды жабуға емес, төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін салынған айыппұлдарды өтеуге бағытталады. Нәтижесінде, қарыз қала береді. Ол өтелмегендіктен, айыппұлдар да еселеп өсе береді. Соның кесірінен, банктерден алған шағын заемы ондаған, тіпті жүздеген миллиондық борышқа дейін ұлғайып, банкрот болған кәсіпкерлер де бар. Оның үстіне, кепілге қойылған қаншама кәсіпорын мен олардың мүлкі қазір ауыртпалық болып, банктердің мойнында тұр. Ұлттық банкке бұл күрделі проблеманы шешу жолын таппаса болмайды. Ұлттық банктің өзі исламдық банк жүйесінің жақсы екенін мойындап отыр. Елімізде әзірге жалғыз ғана исламдық банк жұмыс істейді. Басқа 37-сі – классикалық банктер. Қазақстан – екі жүйе, яғни классикалық банктер мен исламдық банкинг жүйесі жұмыс жасайтын посткеңестік кеңістіктегі жалғыз ел. Барлық жағдайлар жасалды. Екі секторды да Ұлттық банк реттейді. Әзірге исламдық қаржыландыру дами қойған жоқ. Бірақ кәсіпкерлер тарапынан да, халық тарапынан да сұраныс үлкен. Ол өркендеуге бет алады деп күтілуде. Исламдық банкинг үлесі 3-5 пайызға дейін өседі. Қ. Қожахметов исламдық банк жүйесінің арқасында қазақстандық қаржылық сектордың да дағдарыстарға төтеп беру қабілеті артып, тұрақтылығы нығаюға тиістігін қосты [13].

#### Әдебиеттер

- 1 Олейник О.М. Основы банковского права. – М., 1997. – 424 с.
- 2 Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 7 декабря 1990 г. № 385-ХІІ О банках и банковской деятельности в Казахской ССР (с изменениями, внесенными Законом РК от 23.12.92 № 1820а-ХІІ) // <http://online.zakon.kz/Document>
- 3 Закон Республики Казахстан от 14 апреля 1993 г. № 2139-ХІІ О банках в Республике Казахстан // <http://online.zakon.kz/Document>
- 4 Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2014.10.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- 5 Райманов Д. Роль института президента в системе разделения по защите прав и свободы личности // Фемида. – 2002. – №9. – С.65-67.
- 6 Давыдова Л., Райманов Д. Банковское право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 640 с.
- 7 Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
- 8 Мақыш С.Б. Әлемдік қаржы дағдарысының Қазақстан банктік секторына ықпалы және оған қарсы шаралар. // Тұран университетінің Хабаршысы. №2, 2010 жыл.
- 9 Найманбаева С.С. Финансовое право: учебник (Общая и Особенная части). – Алматы: Данекер, 2004. – 526 с.

10 Сейтжанов А. Банктік қызметтегі мемлекеттік басқару: заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты – Алматы, 2005. – 28 б.

11 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы

12 Елдос С. «Айқын» республикалық қоғамдық саяси газеті. «Дағдарыстан қорықпайтын банк жүйесі енгізіледі» 05.11.2015 ж. <http://aikyn.kz/ru/news>

#### References

1 Oleynik, O. M. Osnovy bankovskogo prava. – M., 1997. – 424 с.

2 Zakon Kazakhskoy Covetskoy Cotsialicticheskoy Respubliki ot dekabrya 1990 № 385-XII o bankax I bankovskoy deyatelnosti v Kazakhskoy CCP (s izmeniyami, vnecennymi Zakonom RK 23.12.92 № 1820a-XII) // <http://online.zakon.kz/Document>

3 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 14 aprelya 1993 №2139-XII O bankax v Respublike Kazakhstan // <http://online.zakon.kz/Document>

4 Karzhy narygy men karzhy uiymdaryn memlekettik retteu, bakylau zhane kadagalau turaly 2003 zh. 4 shildedegi № 474-II Kazakhstan Respublikasynyn Zany (2014.10.06. Bepilgen ozgerister men tolyktyrularmen)

5 Raymanov D. role instituta prezidenta v systeme razdeleniya zaschite prav i svobody lichnocti // Femida 2002. – №9. – с. 65-67

6 Davydova L., Raymanov D. Bankovskoe pravo Respubliki Kazakhstan: Uchebnoe pocobie. – Алматы: Zheti Zhargy, 2004 – 640 s.

7 Kazakhstan Respublikasynyn karzhy sektoryn dagdarystan keyingi kezende damytu tuzhyrymdamasy turaly. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylygy 1 akpandagy №923 Zharlygy

8 SB Makysh alemdik karzhy dagdarysynyn Kazakhstan banktik sektoryna ykpaly zhane ogan karsy sharalar. // Turan universitetinin Khabarshysy. №2, 2010 zhyl.

9 Naymanbaeva C.C. Finansovoe pravo: Ushebnik (Obschaya i Ocobennaya chacti). – Алматы: Daneker, 2004. – 526с.

10 Seytzhанov A. Banktik kyzmettegi memlekettik baskaru: zan gylымdarynyn kandidaty gylыmi darezhesin alu ushin daindalgan diccertatsiyanyн avtoreferaty – Алматы: 2005 – 28 б.

11 Kazakhstan Respublikasynyn 2020 zhylyga deyingi damu strategiyalyk zhospary. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylygy 1 akpandagy №923 Zharlygy

12 Eldos S. Aykyn Respublikalyk kogamdyk sayasi gazeti. «Dagdarystan korykpayтын Bank zhuyesi engiziledi» 11.05.2015. <http://aikyn.kz/ru/news>

